

# Паспорт образовательной программы

## Дата регистрации в Реестре

2022.06.24 10:26

## Регистрационный номер

15086

## Дата обновления паспорта ОП:

2022.06.24 10:27

## Код и наименование специальности:

01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі

## Код и наименование квалификации/квалификаций:

4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі

## Регион:

Нұр-Сұлтан қ.

## Организация ТипПО (Разработчик):

" Астана халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі" ЖШС Нұр-Сұлтан қ.

## Партнеры-разработчики:

Нұр-Сұлтан қ. әкімдігінің "Шейх Тамим Бен Хамада атындағы №85 мектеп-лицейі"  
КММ

## Цель ОП:

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайындағы бастауыш мектептің педагогика, психология және әдістемелердің ғылыми-теориялық білімі мен практикалық негіздері жүйесін меңгерген бастауыш білім беру мұғалімдерін даярлау

## Уровень по НРК:

4

## Уровень по ОРК:

4

## Профессиональный стандарт (при наличии):

" Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 30.12.2017 ж. №133 бұйрығы, "Бастауыш білім беру" мамандығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 13 қыркүйектегі № 373 бұйрығы 1-қосымша

## Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

Жоқ

## Форма обучения:

Күндізгі

## База образования:

Негізгі орта білім

## Язык обучения:

Мемлекеттік

**Общий объем кредитов:**

180

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**

14.04.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

KZ23LAA00014434

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

002

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**

11.12.2017 жыл

**Отличительные особенности ОП:**

-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин:**

№ модуля/дисциплины	Наименование обучения/Краткое описание дисциплины	Результаты Объем кредитов/часов
ЖБП 1. Қазақ тілі	Тіл туралы қалыптасқан білім негізінде әр түрлі деңгейдегі құралдарды пайдалануды және оларды қарым-қатынастың әр түрлі салаларында өнімді сөйлеу әрекетін жандандыруды ескере отырып, сөйлеу қызметінің барлық түрі (тыңдау, айту, оқу және жазу) бойынша функционалдық сауаттылықты жетілдіреді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Орфография. Тіл және алаш идеясы", "Орфография. Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет", "Фонетика: Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өнер", "Әдеби норма. Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі", "Сөз мәдениеті. Білім. Ғылым. Инновация", "Сөзжасам. Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік", "Синтаксис.	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>Сәулет өнері", "Пунктуация. Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер", "Пунктуация. Сөз мәдениеті және шешендік өнер", "Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер. Орфография. Ғылыми стиль", "Жастар мәдениеті және мәселесі. Шешендік сөздер. Орфография. Публицистикалық стиль", "Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция. Шешендік сөздер. Фонетика. Ресми іс қағаздар стилі", "Әлемді өзгерткен өнертабыстары. Шешендік сөздер. Сөз мәдениеті. Публицистикалық стиль", "Бейбітшілік, қауіпсіздік және жаһандық экономика. Шешендік сөздер. Сөз мәдениеті. Көркем әдебиет стилі", "Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Шешендік сөздер. Мәтін", "Табиғат және экология. Шешендік сөздер. Мәтін", "Жаңа әлемдегі театр мен кинематография. Шешендік сөздер. Пунктуация", "Еңбек нарығы және сұраныс. Шешендік сөздер. Пунктуация. Сөйлеу мәнерлілігі".</p>	
ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	<p>Білім алушының дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді, әртүрлі салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді: әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық, ғылыми-техникалық, оқу-кәсіптік; жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Қалың елім, қазағым", "Прозадағы көркем ой", "Аңызбен өрілген көркем сөз",</p>	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	"Заман, дәуір тұлғасы", "Тарихтың шертiп пернесiн", "Пайым мен парасат", "Ғасырлық туынды", "Әдебиеттегі сан сарын".	
ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	Тiлдiк дағдыларды жетiлдiруге, тiлдiк нормаларды сақтауға, еркiн сөйлеу және сауатты жазу дағдыларын дамытуға және тiлге құрметпен қарауды қалыптастыруға ықпал етедi. Пәннiң мазмұны келесi бөлiмдерден тұрады: "Туризм. Экотуризм", "Адам және Отан", "Ғылым және этика", "Планета. Жер. Мұхиттар", "Әдебиет және өнер", "БАҚ пен әдебиеттегі әлеуметтік теңсiздiк тақырыбы", "Сауда және көмек. Әдiл сауда", "Адам мен қоғам өмiрiндегi еңбектiң маңызы", "Қоғамның даму көрсеткiшi: экология, биоресурстар", "Бос уақыт қоғамның дамуының көрсеткiшi ретiнде", "Адам және тарих", "Болашақтың энергиясы. Сөз энергиясы", "Бейбiтшiлiк және қауiпсiздiк", "Қазiргi әлемдегi Театр және кино", "Ең жоғары құндылық-адам құқығы", "Қазiргi қоғам: көшi-қон".	5/120
ЖБП 4. Шетел тілі	Тiл туралы қалыптасқан бiлiм негiзiнде әр түрлi деңгейдегi құралдарды пайдалануды және оларды қарым-қатынастың әр түрлi салаларында өнiмдi сөйлеу әрекетiн жандандыруды ескере отырып, сөйлеу қызметiнiң барлық түрi (тыңдау, айту, оқу және жазу) бойынша функционалдық сауаттылықты жетiлдiредi. Пәннiң мазмұны келесi бөлiмдерден тұрады: " Legend or Truth",	5/120

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>"Controversial Issues", "Virtual reality", "Out of this World", "Stress and Fear", "Imagination and Creativity", "Reading for Pleasure", "Different Ways of Living", "Independent Project", "Making contact", "Investigate and report on animal world: bats, eagles, bees and dolphins", "Interviews and instructions", "Investigate and report on timekeeping devices/Science video", "Work and inventions", "Social change and further study", "Reading for pleasure", "Making statements and providing information", "Clothes journeys".</p>	
ЖБП 5. Математика	<p>Практикалық қызметте қолдану, сабақтас пәндерді оқу, білім беруді жалғастыру үшін қажетті математикалық білімді меңгеруге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің үздік дәстүрлері негізінде білім алушылардың зияткерлік дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:  "Функция, оның қасиеттері және графигі", "Тригонометриялық функциялар", "Математикалық статистика және ықтималдық теориясы", "Дәреже мен түбір. Дәрежелік функция", "Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар", "Туынды және оның қолданылуы", "Алғашқы функция және интеграл", "Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық", "Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар", "Көпжақтар", "Айналу денелері және олардың элементтері", "Денелер көлемдері".</p>	5/120
ЖБП 6. Информатика	<p>" Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды практикада тиімді пайдалану үшін білім алушыларды аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуге,</p>	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>деректерді, ақпараттық процестер мен жүйелерді ұсынуға, ақпараттық объектілерді, компьютерлік желілерді құруға, түрлендіруге және ақпараттық қауіпсіздік саласында терең біліммен, дағдылармен қамтамасыз етуге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Компьютерлік жүйелер", "Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру", "Ақпараттық процестер және жүйелер", "Қосымшаны әзірлеу".</p>	
ЖБП 7. Қазақстан тарихы	<p>Білім алушылардың тұлғалық дамуына, олардың дүниетанымдық сенімдері мен құндылық бағдарларын әлеуметтендіру және қалыптастыру үшін тарих ғылымының әлеуетін пайдалануға жағдай жасайды. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Этникалық және әлеуметтік процестер", "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан", "Мәдениеттің дамуы", "Саяси-құқықтық процестер", "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы", "Білім мен ғылымның дамуы".</p>	4/96
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	<p>Адамгершілік-рухани қасиеттерді дамытуға, жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білімді игеруге, қоғамда пайдалы қарым-қатынас дағдыларын және мінездің лайықты қасиеттерін, асыл сенімдерін қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі»,</p>	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
ЖБП 9. Дене тәрбиесі	«Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі». Білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дене және психикалық денсаулығын нығайтуға ынтасын арттыруға, білім алушылардың спорттық-ерекше қимыл дағдыларын меңгеруіне және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Дене шынықтыру туралы білім", "Дене тәрбиесі құралдары".	6/144
ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Білім алушылардың мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыруға, Қазақстан Республикасы азаматының қасиетті борышы және міндеті ретінде әскери қызметке саналы көзқарасын тәрбиелеуге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі", "Әскери қызметтің құқықтық негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары", "Тактикалық дайындық", "Атыс дайындығы", "Саптық дайындық", "Әскери топография", "Әскери роботты техникалардың негіздері", "Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері", "Технологиялық дайындық".	4/96
ЖБП 11. Дүниежүзі	" Тарихи санаға, азаматтыққа,	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
тарихы	<p>патриотизмге ие, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, адамзат жинаған мәдени – тарихи тәжірибенің зор маңызын түсінетін, оқу және әлеуметтік қызметте тарихи білім мен дағдыларды белсенді және шығармашылықпен қолданатын білім алушының тұлғасын қалыптастыруға ықпал етеді.</p> <p>Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Этникалық және әлеуметтік процестер", "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан", "Мәдениеттің дамуы", "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Саяси-құқықтық процестер", "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы", "Білім мен ғылымның дамуы".</p>	
ЖБП 12. Биология	<p>Білім жүйесін, ғылыми дүниетаным негіздерін, өз бетінше шығармашылықпен айналысуға және сыни ойлауға, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:</p> <p>"Молекулярлық биология және биохимия", "Жасушалық биология", "Қоректену", "Заттардың тасымалдануы", "Тыныс алу", "Бөліп шығару", "Жасушалық цикл Көбею", "Өсу және даму", "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік. Заңдылықтары", "Эволюциялық даму Селекция негіздері.Тірі ағзалардың алуантүрлілігі", "Координация және реттеу", "Қозғалыс", "Биотехнология", "Биосфера, экожүйе, популяция", "Адам іс- әрекетінің қоршаған</p>	6/144



Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
ЖБП 13. Химия	<p>ортаға әсері".</p> <p>Білім алушыларға заттар мен олардың түрленулері, заттар қасиеттерінің құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім беру жүйесін ұсыну үшін жағдай жасау, студенттерге нақты өмірде оларды қауіпсіз қолдану, ақпаратты сыни бағалау және шешім қабылдау үшін химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Заттардың бөлшектері", "Периодтылық.Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары", "Химиялық реакциялар энергетикасы", "Химия және қоршаған орта", "Химия және өмір".</p>	2/48
ЖБП 14. Графика және жобалау	<p>Сурет теориясының негіздерін, проекциялау және графикалық модельдеу әдісінің заңдылықтарын білуге, жобалық, шығармашылық іс-әрекетті дамытуға, графикалық мәдениетті және дәстүрлі және заманауи графика құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.</p> <p>Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Ақпаратты визуализациялаудың графикалық тәсілдері мен құралдары", "Кесіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру", "Кескіндерді түрлендіру", "Пішін қалыптастыру және құрылымдау", "Пішінді түрлендіру", "Техникалық, сәулет-құрылыс және ақпараттық графика элементтері", "Жобалау және</p>	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жобалау графикасы".	
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	1/24
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	1/24
БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру және ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	1/24
	ОН 2.2. Интернетпен жұмыстың негіздерін түсіну.	2/48
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді және Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	0,5/12
	ОН 3.2. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	0,5/12
БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну және әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.	0,5/12
	ОН 4.2. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру және әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	0,5/12
БМ 5. Мамандыққа кіріспе	РО 5.1. Болашақ педагогикалық қызметке кәсіби-педагогикалық қызығушылық қалыптастыру.	2/48
	ОН 5.2 Болашақ педагогикалық іс-әрекетке, болашақ кәсіптің теориялық және практикалық	1/24

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	негіздерін меңгеруге кәсіби-педагогикалық бағыттылықты қалыптастыру.	
КМ 1. Оқушылардың оқу іс-әрекетінің моделін құру	ОН 1.1. Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесінің теориялық және практикалық негіздерін кәсіби қызметте қолдану.	5/120
	ОН 1.2. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу үрдісіндегі психикалық процестерді, психикалық қасиеттерді, психикалық жағдайларды сипаттау.	4/96
	ОН 1.3. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып, сабақтарды жоспарлау және өткізу.	2/48
КМ 2. Ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық шарттарды жобалау	ОН 2.1. Оқушылармен тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде тәрбие әдістерін, нысандарын, тәсілдерін, құралдарын қолдану.	1/24
	ОН 2.2. Педагогикалық шеберлік техникасын оқушылармен, оқушылар ұжымымен және ата-аналармен қарым-қатынас жасау кезінде қолдану.	1/24
	ОН 2.3. Кәсіби қызметте тиімді психологиялық-педагогикалық, оның ішінде инклюзивті технологияларды пайдалану.	2/48
	ОН 2.4. Шағын жинақталған мектепте білім беру процесін тиімді ұйымдастыруды жүзеге асыру.	2/48
	ОН 2.5. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының әдістерін, құралдарын, нысандарын қолдану.	3/72
	ОН 2.6. Жазғы сауықтыру лагерлерінде әртүрлі жастағы балалармен жұмыс жасауда балалар ұжымдарының өмірі мен қызметін ұйымдастырудың әртүрлі	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	формалары мен әдістерін, психологиялық-педагогикалық диагностика әдістерін қолдану.	
КМ 3. Оқу ақпаратын тарату	ОН 3.1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйелерін, оқыту әдістері мен технологияларын қолдану.	6/144
	ОН 3.2. Сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің дамуын қамтамасыз ету.	1/24
	ОН 3.3. Бастауыш сынып оқушыларына көркем әдебиетті мәнерлеп оқу тәсілдерін қолдану.	2/48
	ОН 3.4. Бастауыш сыныптарда арифметикалық, алгебралық, геометриялық материалдарды, математиканы оқыту әдістемесін қолдану.	6/144
	ОН 3.5. Дүниетануды оқыту әдістемесін қолдану.	2/48
	ОН 3.6. Дене тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттерін, дене тәрбиесін оқыту әдістемесін, сабақтарды ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін анықтау.	2/48
	ОН 3.7. Оқушылардың көркемдік-технологиялық білім негіздерін қалыптастыру, кеңістікте, бейнелі, шығармашылық ойлау, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту.	2/48
	ОН 3.8. Оқушылардың музыкаға деген құндылық қатынасын, музыкалық іс-әрекет процесінде шығармашылық өзін-өзі танытуын қалыптастыру.	2/48
	ОН 3.9. Бастауыш сыныптарда өзін-өзі тану сабақтарын жоспарлау және өткізу.	2/48
	ОН 3.10. Инновациялық	27/648

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	технологияларды қолдана отырып, сабақтар өткізу.	
	ОН 3.11. Оқушыларға әлемнің тұтас жаратылыстану-ғылыми бейнесін қалыптастыру.	2/48
КМ 4. Білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау	ОН 4.1. Критериалды бағалау жүйесін іске асырудың қағидаттарын, тәсілдері мен тетіктерін қолдану.	1/24
	ОН 4.2. Білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу жүйесін іске асыру қағидаттарын, тәсілдері мен тетіктерін қолдану.	1/24
	ОН 4.3. Бағалау құралдарын әзірлеу және сараптама жүргізу.	2/48
	ОН 4.4. Педагогикалық қызметті арнайы ғылыми білім мен зерттеу нәтижелері негізінде жобалау.	1/24
КМ 5. Кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесу	ОН 5.1. Педагогикалық үрдістің барлық қатысушыларының субъекттен-субъективті өзара әрекеттесуін ұйымдастыру арқылы оқу үрдісін басқару технологиясын қолданыну.	3/72
	ОН 5.2. Тұлғааралық және мәдениетаралық өзара іс-қимылдың этикалық мәселелерін талдауға және шешуге тұтас көзқарасты қолдану.	1/24
	ОН 5.3. Бірінші сынып оқушысының алғашқы апталарында педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың ерекшеліктерін сипаттау.	3/72
	ОН 5.4. Сыныпта оқу-тәрбие жұмысын, оқушыларға жеке және сараланған көзқарасты жүзеге асыру.	12/288
Аралық, қорытынды аттестаттау	-	12/288